

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу Нұсқауын, Программасын және тестілеу Нәтижелерінің шекаралық мәндерін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1686. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 бұйрығымен.

Әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың бос орындарына орналасуға конкурстық іріктеу өткізу кезінде тестілеу рәсімін бұдан әрі жетілдіру және конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды жоғарылату мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу нұсқауын, программасын және тестілеу нәтижелерінің шекаралық мәндерін бекіту туралы" (бұдан әрі - Бұйрық) 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) 1 тармақтың :

2 тармақшасындағы :

"В-1, В-2, В-3, С-1, С-2, С-3" санаттары алынып тасталынсын; "А-4, А-5" санаттарымен толықтырылсын;

3 тармақшасындағы "А-4, А-5, В-4, В-5" санаттары алынып тасталынсын;

2) келесі мазмұндағы 8) тармақшасымен толықтырылсын:

"8) В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3 санаттарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасын (8 Қ о с ы м ш а) " ;

3) Жоғарыда аталған Бұйрықпен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу жөніндегі нұсқауында (1 Қ о с ы м ш а) :

4.1 тармақтағы "заңнама -" сөзінен кейін "90 минут (120 сұрақ), 75 минут (100 сұрақ)" сөздерімен толықтырылсын;

4) Бұйрықтағы 2 қосымша 1 қосымшаға сәйкес жаңа мазмұнда берілсін;

5) Бұйрықтағы 3 қосымшадағы:

"А-4, А-5, В-4, В-5" санаттары алынып тасталынсын;

6) Бұйрықтағы 4 қосымша 2 қосымшаға сәйкес жаңа мазмұнда берілсін;

7) Бұйрықтағы 7 қосымша 3 қосымшаға сәйкес жаңа мазмұнда берілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасарына **Ғ.Р. Әбдірахымовқа** жүктелсін.

3. Осы бұйрық тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының

2001 жылғы 19 қарашаның

№ 02-2-4/167 бұйрығына

1 қосымша

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының

2001 жылғы 17 сәуірдегі

№ 02-2-4/67

бұйрығына 2 қосымша

**А-1, А-2, А-3, А-4, А-5 санаттарына
бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға
үміткерлерді тестілеу программасы**

Осы программа тесттің екі түрінен құрылады: Қазақстан Республикасы заңдарын білуге және логикалық тестіден тұрады.

1) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын білуге арналған 120 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа жауап беруі қажет.

2) Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және

оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 19 қарашаның
N 02-2-4/167 бұйрығына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67
бұйрығына 4 қосымша

**D-1, D-2, E-1, E-2 санаттарына
бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу
программасы**

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын білуге арналған тестіден
т ұ р а д ы .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын білуге арналған 100 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа жауап беруі қажет.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 19 қарашаның
N 02-2-4/167 бұйрығына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының

2001 жылғы 17 сәуірдегі

№ 02 - 2 - 4 / 67

бұйрығына 7 қосымша

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу нәтижелерінің шекаралық мәні

1. А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3, D-1, D-2, Е-1, Е-2 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесті бойынша шекаралық мәні әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 70%, басқа санаттар үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 50% дұрыс жауаптардан құрылады.

2. Логикалық тест бойынша шекаралық мән белгіленбейді.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері

жөніндегі агенттігі төрағасының

2001 жылғы 19 қарашаның

№ 02 - 2 - 4 / 167 бұйрығына

8 қосымша

В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3 санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы

Осы программа тесттің екі түрінен құрылады: Қазақстан Республикасы заңдарын білуге және логикалық тестіден тұрады.

1) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын білуге арналған 120 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде үміткер Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша 40 сұраққа, қалған сұрақтар тізбесінен іріктелген нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа жауап беруі қажет.

2) Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін айқындайды.